Қазақстан Республикасының
ІІМ Басқару академиясы

ХАТТАМА
№ 1
Астана қ.
03.04.2026 ж.

Академия управления
МВД Республики Казахстан

ПРОТОКОЛ
№ 1
г. Астана
03.04.2026 г.

Жас ғалымдар кеңесінің отырысы

Төраға – Кусаинова А.М.
Хатшы – Ануарова К.А.
Қатысқандар: 31 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Диссертациялық зерттеулердің / жобалардың ғылыми жаңалығына, негізділігіне және практикалық маңыздылығына қойылатын талаптардың сақталу мәселелерін қарау туралы.

ІІМ Басқару академиясы ҒЗИ Тергеу, анықтау проблемаларын зерттеу орталығының бастығы, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі Жусипбекова А.М.-ның баяндамасы.

2. Докторанттар мен магистранттардың жеке жұмыс жоспарларының орындалуына мониторинг жүргізу туралы.

ЖҒК төрағасының орынбасары, полиция аға лейтенанты Егизбаева А.О.-ның баяндамасы.

3. Ғылыми зерттеулерді дайындау барысында туындайтын проблемалық мәселелер туралы.

1-курс докторанты, полиция капитаны Дюсебекова С.Б.-ның баяндамасы.

4. ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда жариялануымдық белсенділікті арттыру туралы.

ЖҒК төрағасы, полиция подполковнигі Кусаинова А.М.-ның баяндамасы.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Жусипбекова А.М. – диссертациялық зерттеулердің ғылыми жаңалыққа, теориялық негізділікке және практикалық маңыздылыққа қойылатын талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету қажеттігі туралы баяндады. Сонымен қатар диссертациялық зерттеулердің сапасы ғылыми проблеманы, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін дұрыс айқындауға, сондай-ақ бұрыннан белгілі

ғылыми нәтижелер мен автордың өзіндік ұсыныстарын нақты ажыратуға тікелей байланысты екенін атап өтті.

Қорғауға ұсынылатын ережелерді тұжырымдауға ерекше назар аудару ұсынылды. Олар диссертация мазмұнынан туындауы, ғылыми жаңалыққа ие болуы, негізделген болуы және жүргізілген зерттеу нәтижелерімен расталуы тиіс.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығын ашып көрсетуге және оларды қолданудың нақты ықтимал салаларын айқындауға ерекше назар аудару қажеттігі атап өтілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Амирбеков М. – диссертациялық зерттеулердің аралық нәтижелерін аттестаттау рәсімдеріне ұсынғанға дейін талқылау қажеттігін атап өтті.

Дюсебекова С.Б. – ғылыми аппаратты және қорғауға ұсынылатын ережелерді нақтылау бойынша ұсынымдарды уақтылы алу қажеттігін атап өтті.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жүргізіліп жатқан зерттеулердің мәлімделген мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігіне бақылауды күшейту.

2. Диссертациялық зерттеулерді талқылау барысында ғылыми жаңалықты, қорғауға ұсынылатын ережелерді және зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығын тұжырымдауға ерекше назар аудару.

3. Жас ғалымдарға зерттеулердің аралық нәтижелерін ғылыми жетекшілермен және консультанттармен уақтылы талқылау ұсынылсын.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Егизбаева А.О. – жеке жұмыс жоспары докторанттар мен магистранттардың ғылыми және білім беру бағыттары бойынша даярлық кезеңдерінің орындалу реттілігін көрсететін негізгі құжат болып табылатынын атап өтті. Жарияланымдық, ғылыми-зерттеу және ұйымдастырушылық іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізу, жоспардан ауытқуларды уақтылы анықтау және оларды жою бойынша тиісті шаралар қабылдау ұсынылды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Кусаинова А.М. – жеке жұмыс жоспарының тармақтарын орындау барысында туындайтын проблемалық мәселелерді шешу мақсатында Академияның жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетімен тығыз өзара іс-қимылды қамтамасыз етуді тапсырды, сондай-ақ жоспарланған барлық іс-шаралардың уақтылы әрі сапалы орындалуына мониторинг жүргізуді жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Жусипбекова А.М. – ғылыми жетекшілермен және консультанттармен өзара іс-қимыл жасау қажеттігін атап өтті.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жеке жұмыс жоспарларының орындалуына мониторинг жүргізуді жалғастыру.
2. Ғылыми-зерттеу және жарияланымдық іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету.
3. Проблемалық мәселелер туралы ақпаратты ЖҒК төрағасына ұсыну.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Дюсебекова С.Б. – туындаған проблемаларды шешудің ең тиімді тәсілі оларды ғылыми жетекшілермен, консультанттармен, ЖҒК мүшелерімен және тиісті бейіндегі мамандармен уақтылы талқылау болып табылатынын атап өтті. Зерттеу әдіснамасы, ғылыми дереккөздерді іздеу, эмпирикалық деректерді өңдеу және ғылыми жарияланымдарды дайындау мәселелері бойынша тақырыптық консультациялар өткізуді ұсынды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тұрақты консультациялық кездесулер өткізу.
2. Зерттеулерді ұйымдастыру, ғылыми мақалаларды дайындау және конференцияларға қатысу мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету.
3. Қажет болған жағдайда проблемалық мәселелерді Академия басшылығының қарауына шығару.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Кусаинова А.М. – жарияланымдық белсенділік жас ғалымдардың ғылыми қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатыны туралы баяндады. Жарияланымдардың сапасына, мақалалардың зерттеу тақырыбына және ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға сәйкестігіне ерекше назар аудару ұсынылды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Шрахметова Г.Т. – мақалаларды редакцияға жібермес бұрын алдын ала талқылауды және авторларға әдістемелік көмек көрсетуді ұсынды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарға арналған ғылыми мақалаларды дайындауды жандандыру.
2. Ғылыми мақалаларды редакцияға жібермес бұрын өзара талқылауды ұйымдастыру.
3. Жас ғалымдарды ғылыми іс-шаралар мен жарияланым мүмкіндіктері туралы ақпараттандыруды қамтамасыз ету.

Төраға **А. Кусаинова**

Хатшы **К. Ануарова**